



«Әйтеке би атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі
кітапханасының «Оқуға күштар мектеп» жобасының жұмыс жоспары.
2023-2024 жылы

Мектеп кітапханашысы : Ж.Бексейтова

**“Әйтеке би атындағы жалпы” білім беретін мектеп кітапханасының
«Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспары.
2023-2024 оқу жылы**

Мақсаты:

- мектеп оқушыларының әдеби кітап оқуға қызықтыру, оқушылардың сөздік қорын молайту;
- кітап оқу арқылы ұстамдылыққа, өзін-өзі тәрбиелеуге, ұқыптылыққа, адам еңбегін бағалауға тәрбиелеу

Міндеттері:

- кітап оқу арқылы алғыр ойлауға үйрету;
- алған білімдерін тереңдету;

Күтілетін нәтиже:

Әр адамның өмірінде, қоғамда кітаптың маңызы зор. Кітап болашақты өткен өмірімен байланыстырады. Кітаппен жұмыс жасау арқылы оқушының білім сапасы көтеріледі.

1. Акция іс-шараларын БАҚ-та кеңінен жариялау
2. Мектеп кітапханасына әртүрлі жастағы оқырмандар тартылады, кітап оқу ұйымдастырылады.
3. Әр оқырман өзінің оқыған кітабын жарнамалайды.
4. Әлеуметтік желілердегі парақшаларға қашықтықтан жасалған үздік тәжірибелік бинероликтер жолдау
5. Оқыған кітабы бойынша кейіпкерлерінің суретін салу, шағын әңгіме жазу, кітапты жарнамалау

Жасалатын жұмыстың мазмұны:

1. Ата-аналармен, кітапханамен байланыс жасау;
2. Кітапханаға келіп түскен көркем әдебиеттерді витруалды көрмемен онлайн арқылы ұйымдастырылып таныстыру;
3. «Оқуға құштар мектеп» жобасының ережелерімен таныстыру;
4. Әр оқушының жас ерекшелігін ескеріп, сондай-ақ талғамына қарай көркем әдебиеттерді тандап ұсыну;
5. Өз қалауынша оқыған кітаптарының есебін дәптерге жазбалай жүргізу, сөзжұмбақтар шешу, сонымен қатар фото, шағын ұсыныс видеолармен бөлісу;

Әдеби кітап оқи отырып:

- * Шапшаң мәнерлеп оқуды меңгереді;
- * Оқығанды көз алдына елестете алу қабілеті артады;

Жобаның негізгі бағыты «Мектеп- Мұғалім-Бала-Отбасы» желілік өзара әрекетін ұйымдастыру

I бағыт – "Барлық пәндер арқылы оқу»

	Жұмыс мазмұны	Сыныбы	Мерзімі	Жауапты
	«Классиканы оқып, жаратылыстануды танимыз» атты кітап оқу акциясы «Ғажайып ғылымдар патшалығы»	8-9 сыныптар	қазан	Кітапханашылар, пән мұғалімдері
	«Көркем әдебиеттен Отандық тарих беттеріне» атты кітап оқу акциясы Атамекен елінің аңыздары. Қазақстан еліне сиқырлы	2-4 сыныптар	қараша	Кітапханашылар. Бастауыш сынып жетекшілері

	саяхат. Менің елім-Қазақстан кітаптарын оқу			
	«Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы Жеңіс» атты кітап оқу акциясы «Отты жылдар шежіресі» атты кітап (виртуалды) көрмесін шығару Оқырмандар соғыс ардагерлері мен соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлері туралы шағын әңгіме жазу	7-8 сыныптар	мамыр	Кітапханашылар, Сынып жетекшілер
2 бағыт – «Еркін оқу кеңістігі»				
	«20 минут оқы да, 3 минут эссе жаз» кітап оқу акциясы аясында (үзіліс кезінде бір мезетте сыныппен кітап оқуды) ұйымдастыру Б.Сокпақбаев «Менің атым Қожа» Қ.Әбдіқадыров «Қажымұқан» Т.Әлімқұлов «Тұлпардың тағдыры» Ғ.Мүсірепов «Ұлпан» С.Мұратбеков «Жабайы алма»	5-6-7-8-9 сыныптар	Жыл бойы	Кітапханашылар, Сынып жетекшілер
	«Кітаппен өткен демалыс күндер қызық» атты оқу марафонын күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы демалыс кезінде кітап оқуды ұйымдастыру	6-10 сыныптар	қаңтар наурыз мамыр	Кітапханашылар, Сынып жетекшілер, ТІЖО
	«Оқы және өзгеге сыйла» Bookcrossing ұйымдастыру	5- 11 сынып аралығы	1-24 сәуір аралығы	Кітапханашылар, Сынып жетекшілер, ТІЖО
3 бағыт – «Кітап оқу арқылы өзін –өзі дамыту»				

	«Көп оқитын сынып», «Сыныптың ең үздік оқырманы» мониторинг жүргізу арқылы озық оқырмандарды анықтау шараларын ұйымдастыру	5-11 сыныптар аралығы	мамыр	Кітапханашылар, сынып жетекшілер
	«Бір сынып – бір кітап»	3-10 сыныптар	Жыл бойы	Кітапханашылар тәлімгер
	«Туған өлкем – тұнған шежіре» жобасының жұмыстарын ұйымдастыру	7-10 сыныптар	Ай сайын	Кітапханашылар, сынып жетекшілер
4 бағыт – «Отбасылық оқудың дәстүрлері»				
	«Бір отбасы – бір кітап» оқу акциясына орай отбасымен кітап оқу шараларын ұйымдастыру (сайыс) түрінде «Отбасылық оқу» рухани байланыс «Отбасының сүйікті кітаптары» марафон	2-6 сыныптар	Қараша, ақпан сәуір	Кітапханашылар, ТДЖО
5 бағыт – «Оқу уақыты»				
	«Өзің оқып, өзгеге ұсын!» READx book жобасы аясында шаралар ұйымдастыру, жарнама жасау «Жақсы кітап-жан азығы»			Кітапханашылар ұйымдастырушы педагог
	«Web – қауіпсіздік» ақпараттық сағаттарды ұйымдастыру, желі саяхатының ережелерімен таныстыру «Интернет желісіндегі қауіпсіздік» медиа сағат			Кітапханашылар
6 бағыт – «Мектеп кітапханаларының қызметін ұйымдастыру»				
	Мобильді технологиялар арқылы оқырманға қызмет			Кітапханашылар

	көрсету			
	Оқу марафоны, экскурсия, квест ойыны, викториналар ұйымдастыру			Кітапханашылар
	Мектеп кітапханашылары өзара іс-тәжірибелерімен бөлісу			Кітапханашылар
7- бағыт «Материалдық- техникалық база»				
	Мектеп кітапханаларына «Smart мектеп» жобасының «Е-библиотека» бағдарламасын ұйымдастыруына қажеттілік сұранысын беру			Кітапханашылар
	Мектеп кітапханалары жанынан IT жабдықтары бар «Coworking-орталықтар» ашуды ұйымдастыру			Кітапханашылар мектеп әкімшілігі

8-бағыт – «Кітапхана қызметкерлері»

Кітапханашылардың сапалы құрамы

9-бағыт – «Кітапханашылардың біліктілік арттыру»

мектеп кітапханашыларының біліктілік арттыру курстарынан өту;

біліктілік санатын көтеру.

"Оқуға күштар мектеп" жобасы аясында, «Мен оқыған бір ертегі». «Парасаттылық туралы» тақырыптарында білім алушылармен әңгімелесу.

1 мен 4 сынып оқушылары арасында, ауыз әдебиетімен еркін әңгімелесу.

Мақсаты:Алдаркөсе мен Қожанасырдың қызықты хикаяларын айта отырып. Балалардың тіл байлығын, ой – өрісін, танымдық қабілеттерін және сөздік қорын дамыту. Еңбексүйгіштікке, батылдыққа өнерге деген қызығушылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ертегілер, Алдаркөсе мен Қожанасырдың суреттері, ертегі кітаптар мен дисклар

Ертегі - халқымыздың ертеден бері келе жатқан мәдени мұраларының бірі, ауыз әдебиеті. Кейбір ертегілер қазақтың өте ерте замандағы өмірін көзге елестетеді.

Адам баласы қашанда күлкінің таусылмасын тіледі. Өйткені күлкі бар жерде өмір бар. Күлкі – күллі жаманшылық атаулыға, әртүрлі дертке қарсы қолданылатын қуатты қару. Күлкінің мақсаты - адамға бақыт сыйлау, адамды тәрбиелеу. Ел басына төнген қиын күндерінде күлкі еңкіш тартқан еңселерді көтеруге, әлсіреген рухты күшейтуге көмектескен.

Мектеп кітапханашысы: Ж.Бексейтова.





Үнемі оқитын адам - табысты адам.

Мектеп кітапханасында 2024 жылдың 3 қаңтар күні «Балалар кітапханасы» жобасы аясында “Үнемі оқитын адам - табысты адам” тақырыбында оқырмандармен кездесу ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты: Оқырмандардың ынтасын арттыру, кітап оқуға қызығушылығын арттыру. Кітап оқу – адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады және сөздік қорды байытып, жалпы сауаттылық деңгейін арттырады. Яғни, көп оқыған адам жады мықты, тез ойлап, тез қорыта алады. Адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады.

Білімнің қайнар бұлағы- кітап деп бекер айтпаған. Сондықтан да мұны адамзаттың баға жетпес құндылығы деп білеміз. Кітап оқымау өмірді білу, білім алу мүмкін емес. Сондықтан үнемі кітап оқып жүрейік.

Мектеп кітапханашысы: Ж.Бексейтова.



